ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 ақпан №7119-24-00-2/148 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Б.К.Нұрланов, сот отырысының хатшысы Ф.Б.Шаметтің құрамында, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі-Кәсіпорын, ШЖҚ РМК)

ЖАУАПКЕРЛЕР:

«HRC (ЭЙЧАРСИ)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі-ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану

2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

Талап қоюшының өкілі: Молдагаринова Ж.Н.

Жауапкердің өкілі: Балкен М.Т.

Прокурор: Бейсембаев М.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 10 шілдеде Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы» ШЖҚ РМК мен «HRC (ЭЙЧАРСИ)» ЖШС арасында жалпы сомасы 49 981 294 тенге құрайтын №370/2 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.

Жауапкер шарт жасасқан күннен бастап 2023 жылғы 30 қарашаға дейін тоңазытқыш шкаф, индукциялық пеш, үстел мен креслоны жеткізуге міндеттенді.

Келісімшарт 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.

2023 жылғы 26 қыркүйекте өнім беруші тауарды сатып алушыға әкеліп түсірді, алайда тауарды қабылдау кезінде тоңазытқыштың төлқұжаты, индукциялық пештің паспорты, Electrolux корпусы, EURO KERA пісіру беті жоқ екені, үстелдің тігістері асимметриялы еместігі, саңылаулары бар (ішкі бөлігінде) екені, жақтаудың беті тегіс еместігі (ағаштың беті кедір-бұдыр), креслоның жиегінен желімі көрініп тұратыны, көптеген сызаттар бар екені, тігістер симметриялы орналаспағаны, бос саңылаулар бар екені анықталды.

2023 жылғы 02 қазанда өнім берушінің өкілдері ескертулерді жою үшін 10 үстел мен 10 креслоны алып кетті. Он бес күн өткеннен кейін жауапкер ескертулерді жоймағаны себепті, 2023 жылы 17 қазанда тапсырыс беруші тауардың шарттың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі туралы наразылық актісін жасап өнім берушіге жолдады.

2023 жылы 02 қарашада тапсырыс беруші өнім берушіге шарттың 6.2. тармағына сәйкес өз міндеттемелерін орындамай отырғаны, наразылық актісінде көрсетілген ақаулардың жойылмағаны және жай-күйі бойынша өнім беруші жиһаздың сапасы мен сәйкессіздігін түзетуге ешқандай әрекет жасамағаны туралы туралы талап-хат жіберді.

2023 жылы 27 қарашада өнім беруші тапсырыс берушіге тауарлар тапсырыс берушінің қоймасына жөнелтуге дайын екендігі туралы №1127 шығыс хатын жолдады, осыған байланысты тапсырыс берушінің өкілдері жөнелтілген тауарды тексеру барысында мынадай сәйкессіздіктерді анықтады:

а) үстелдер бойынша: тігістер симметриялы емес, ішкі жағында саңылаулар бар, каркасының беті кедір-бұдыр және біркелкі емес, үстелдің үстіңгі тақтайының ашық қоңыр түсінен қатты ерекшеленетін қызыл-қоңыр дағы бар, сынықтар мен тесіктер бар;

б) креслолар бойынша: жиектердің үстінде желім мен замазкалар көрінеді, көптеген сызаттар бар, тігістері симметриялы емес, саңылаулар бар, креслолар тегіс жерде орнықты тұрмайды, ағаш арқасында қара тозған дақ бар, орындықтың және орындықтардың тіректеріндегі ескірген мата дақтары бар, креслолардың өлшемдері техникалық сипаттамаларға сәйкес келмейді (кемінде 1000*600*600 мм болуы тиіс, іс жүзінде 1004*700*500 мм).

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы арызымен сотқа жүгінген, шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағанын көрсеткен.

Жауапкердің жазбаша пікірі бойынша, жиһаз Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жасалғанын назарға ала отырып,

Документ подписан: Нурланов Б. К., 26.02.2024

Дата вступления в законную силу: 16.04.2024, судья Нурланов Б. К., 11.05.2024

ГОСТ және басқа да стандарттарды қолдану Қазақстан аумағында практикалық қолданыста емес, алайда ағаштан жасалған бұйымдарға мемлекетаралық стандарттың талаптарын ескере отырып (ГОСТ 199-17-93) , жиһаз барлық талаптарға сәйкес келеді және Шартқа №1 қосымшаға (техникалық ерекшелікке) сәйкес нақты сипаттамада дайындалды деп уәждейді.

Талап қоюшы өз талабында жағымсыз салдарлардың туындағанын яғни, бюджеттің ішінара игерілгенін, (бұл жағдайда төрт келісімшарт бойынша екі позиция жағымды, атап айтқанда индукциялық пеш және тоңазытқыш шкаф).

"HRC" (ЭЙЧАРСИ) ЖШС жиһазды (креслолар мен үстелге) шарт бойынша төлем тауар жеткізілгеннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде, қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін жүргізілетініне қарамастан, жиһазбен жағдайды шешу үшін жеткілікті күш жұмсады деп санайды.

Осылайша шарттың талаптарын бұзуға ниеті болмады, керісінше, мемлекеттік сатып алуға қатысу табыс табу, жұмыс орындарын құру көздерінің бірі болып табылады, ал талапкердің "HRC"(ЭЙЧАРСИ) ЖШС-мен шартты бұзу арқылы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне қосуы, қолданыстағы шарт бойынша да, мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі жобалар бойынша да жұмыс орындарының, шығындардың қысқаруына әкеп соғады.

Осылайша, талапкерге теріс салдар болған жоқ, өйткені жауапкер шартты орындау үшін барлық шығындарды көтергенін атап өтті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына сілтеме жасай отырып, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Талапкердің өкілі аталған жауапкерге қатысты шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы сотқа хабарлай отырып, талап қоюды толығымен қолдады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі жазбаша қарсылықтарының дәлелдерін келтіре отырып, талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 5 тармағына сәйкес, осы

Документ подписан: Нурланов Б. К., 26.02.2024

Дата вступления в законную силу: 16.04.2024, судья Нурланов Б. К., 11.05.2024

баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік Қаулысының 8-тармағына сәйкес /әрі қарай - ЖСНҚ/ - мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет.

Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

ЖСНҚ-ның 3 тармағына сай, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісін анықтаған органдар, тапсырыс беруші Заңның 12-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда, әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда белгіленген мерзімдерде сотқа жүгінуге міндетті.

Бұл мерзімдер түпкілікті болып табылады, осы мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Істі қарау барысында, өнім берушіінің шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін бұзуы талап қоюға негіз болғаны анықталды.

Жоғарыда айтылғандай, жеткізуші тауарды техникалық шарттар талаптарына сәйкес жеткізбеген, өнімдегі ақаулар 2023 жылғы 17 қазандағы наразылық актісінде көрсетілген.

Шарттың 6.1 тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес өнім беруші осы шарт шеңберінде жеткізілетін тауар:

1) жоғары сапалы және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес (МЕМСТ, СТ, ОСТ, ТШ техникалық регламенттер және т.б.) келетініне;

Документ подписан: Нурланов Б. К., 26.02.2024

Дата вступления в законную силу: 16.04.2024, судья Нурланов Б. К., 11.05.2024

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыттық қаптамада екеніне, материалда немесе орындалуында ақаулар жоқтығына кепілдік берді.

Істі қарау барысында жауапкер 2023 жылдың 30 қарашасына дейін шартта белгіленген мерзімде кемшіліктерді жоймағаны, тауарды ауыстырмағаны анықталды.

Көрсетілген әрекеттерді ол 2023 жылдың 31 желтоқсанында келісім-шарт мерзімі аяқталғанға дейін орындамаған.

Одан басқа, шарттың 5.1-тармағына сәйкес, өнім беруші тауардың межелі пунктінде тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе көрсетілген белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе дайындаушы зауыт берген өзге құжат;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын тауарларды қоспағанда, Өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты/ сәйкестігі туралы декларация/мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) дайындаушының немесе өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер тауар шетелден шығарылған болса, онда тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес белгіленген тәіртіппен берілген тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі ұсынылады.

Алайда шарт талаптарын бұза отырып, аталған құжаттар тапсырыс берушіге ұсынылмаған.

Жауапкердің жиһаздың бүлінуі тапсырыс берушінің кінәсінен болғаны туралы дәлелдеріне құқықтық баға бере отырып, сот

Документ подписан: Нурланов Б. К., 26.02.2024

Дата вступления в законную силу: 16.04.2024, судья Нурланов Б. К., 11.05.2024

Қазақстан Республикасы АПК-нің 72,73-баптарына сәйкес, тиісті дәлелдемелердің ұсынылмағанын ескереді.

Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Шарттың 5.3 және 5.4 тармақтарының талаптары орындалмағаны анықталған, тауарларды қабылдау және беру актілері жасалмаған, шарттың қолданылу мерзімі аяқталды.

Дегенмен, жауапкер тауардың техникалық шарттарға сәйкес келетінін және оны тапсырыс беруші қабылдай алатынын дәлелдемеген, айыппұлды өз еркімен төлемеген.

Шарттың ішінара орындалуы міндеттеменің тиісінше орындалғанын көрсетпейді, өйткені шартта көзделген 49 981 294 теңге сомасының тауардың тек 6 784 299 теңгеге ғана жеткізілді.

ҚР АК 401 бабының 2 бөліміне сәйкес, тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Сатып алу жоспарында көзделген бюджет қаражаты игерілмегені анықталған, тапсырыс беруші шарт жасасу кезінде күткенін алмаған, бұл ол үшін жағымсыз салдарлар болған деген қорытындыға әкеледі.

Жоғарыда айтылғандар, өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға мүмкіндік беретін, бір мезгілде екі фактор – өнім берушінің кінәсі және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлардың туындауынан көрінетін белгілердің заңда көзделген жиынтығы бар дегенді білдіреді.

Мұндай жағдайларда өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатусышысы деп тану туралы талабы орынды және қанағаттандырылуға жатады.

2 талабы бойынша.

Заңның 43-бабының 24 тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық

Документ подписан: Нурланов Б. К., 26.02.2024
Дата вступления в законную силу: 16.04.2024, судья Нурланов Б. К., 11.05.2024
7119-23-3-1/15923

айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Бұл ретте тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы (айыппұл,өсімпұл) шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауы тиіс.

Талапкер 22 күн кешіктірілгені үшін 943 800 теңге тұрақсыздық айыбын есептеген.

Көрсетілген есеп сотпен тексеріліп дұрыс деп танылды, оны қысқартуға заңды негіздер байқалмады, №2 талап қанағаттандырылуға жатады.

ҚР АПК 117 бабының 3 тармағына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Осы ережелерге сай, жауапкерлерден 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіруге жатады.

Қазақстан Республикасы АПК-нің 109-бабының нормаларына сай, мемлекеттік бажды төлеу бойынша сот шығындары 28 314 теңгені жауапкерден талапкер пайдасына өндіріп алуға жатады, артық төленген 135 теңге мемлекеттік баж, талап қоюшыға тиісті бюджеттен қайтаруға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" ШЖҚ РМК жауапкер "HRC" (ЭЙЧАРСИ) ЖШС қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы толықтай қанағаттандырылсын.

"HRC" (ЭЙЧАРСИ) ЖШС БСН 090840003366 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"HRC" (ЭЙЧАРСИ) ЖШС БСН 090840003366 мемлекеттің пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

"HRC" (ЭЙЧАРСИ) ЖШС БСН 090840003366 Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Мемлекеттік

Документ подписан: Нурланов Б. К., 26.02.2024

Дата вступления в законную силу: 16.04.2024, судья Нурланов Б. К., 11.05.2024

резиденциялар дирекциясы" ШЖҚРМК пайдасына 943 800 (тоғыз жүз қырық үш мың сегіз жүз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік баж салығын төлеу бойынша сот шығындары 28 314 (жиырма сегіз мың үш жүз он төрт) теңге өндірілсін.

2023 жылғы 21 желтоқсандағы №4989 төлем тапсырмасы бойынша 135 (бір жүз отыз бес) теңге мөлшерінде артық төленген мемлекеттік баж Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" ШЖҚРМК-не тиісті бюджеттен қайтарылсын.

Тараптар және прокурор шешімге ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына апелляциялық шағым немесе (және) өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Документ подписан: Нурланов Б. К., 26.02.2024

Дата вступления в законную силу: 16.04.2024, судья Нурланов Б. К., 11.05.2024

7119-23-3-1/15923